# Әлеуметтік қамтамасыз ету басты назарда

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 30 қарашадағы Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» деп аталатын Жолдауы қосымша білім беру орталығында да талқыланды. Қазіргі таңдағы баршамыздың мақсатымыз - еліміз бақытты, жеріміз гүлденген Қазақстанымызды «Мәңгілік ел» ету, әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылып, бай да қуатты елдермен иық теңестіру болып табылады. Орталық басшысы З. Латыпова Елбасының Қазақстан халқына арнаған Жолдауының маңызы ерекше деп атап көрсетті. Себебі, Елбасы бізге жаһандық дағдарыстың және саяси ықпалдардың қайта бөлінісі мен тарихи кезеңдер алмасуының күрделі сәтінде, Қазақстанның даму, дәуірлеу, қиындықтардан жол тауып өту бағдарламасын ұсынды. Жолдауда білім беру мен денсаулық сақтау салалары жайында да сөз болып бағдарламалардың да орындала беретіндігін атап көрсетті.

— Бізге Жолдау ерекше маңызды. Экономикалық тәуекелдерге қарамастан, халықты әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыруды тоқтатпаймыз деп атап көрсетті. Елбасы 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап білім беру саласының қызметкерлерінің жалақысы 29 пайызға, денсаулық сақтау қызметкерлерінің жалақысы 28 пайызға, әлеуметтік қорғаудағы қызметкерлерінің жалақысы 40 пайызға өсетінін жариялады.

Бұл бағдарламаның түпкі мақсаты – еліміздің тәуелсіздігін баянды етіп, қазақтың ұлт болып өркендеуіне жол ашу. Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуына орай және ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің елімізге тигізер пайдасы зор екенін атап көрсетті.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» - демекші, келе жатқан күрделі жаһандық дағдарысты міндетті түрде жеңеміз. Барды бағалап, жоқтан бар жасайтын жұртымыздың көк байрағы әрдайым биікте желбіресін!

**Ләззат ЕСМАҒАНБЕТ,**
**Қосымша білім беру орталығы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.**

